

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен және металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Бердібек Әсел Еркінқызы

Жетісу облысы Панфилов ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлеріне
мониторинг жүргізу және жай күйін зерттеу

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07304- Геокеңістіктік цифрлық инженерия

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен және металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Маркшейдерлік іс және геодезия»
кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Мейрамбек Г.
«02» 06 2025 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Жетісу облысы Панфилов ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы
жерлеріне мониторинг жүргізу және жай күйін зерттеу

6B07304- Геокеңістіктік цифрлық инженерия

Орындаған



Рецензент
Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ т.ғ.к, доцент
Джоламанов.Т.Д.

«10» 06 2025 ж.

Бердібек Әсел Еркінқызы

Жетекші
Phd докторы, қауым. профессор
Киргизбаева Д.М.
«10» 06 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы


Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен және металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

6B07304 - Геокеңістіктік цифрлық инженерия

БЕКІТЕМІН

«Маркшейдерлік іс және геодезия»
кафедрасының меңгерушісі
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

 Мейрамбек Г
«02» 06 2025 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Бердібек Әсел Еркінқызы

Тақырыбы: «Жетісу облысы Панфилов ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы
жерлеріне мониторинг жүргізу және жай күйін зерттеу»

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор 2025 жылғы «29» қаңтар № 26-П/Ө бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «17» маусым 2025ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: Copernicus сайтынан алынған ғарыштық
суреттері.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану

ә) Панфилов ауданындағы ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің қазіргі жай-күйі және
мониторинг жүргізу

б) Панфилов ауданындағы жерлердің жай-күйін жақсарту бойынша ұсыныстар мен шаралар
Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып): Жетісу
облысының аудандар картасы, Панфилов ауданы орналасу картасы, 2018-2024 ж NDVI SI
SAVI карталары

Жұмыс презентациясы слайдтарда 15 көрсетілген

Ұсынылған негізгі әдебиет: 12 атаулардан

1 Мырзабеков, Ж.Ш Байдильдина, Г Бітешов, Е. Ж

2 Қалиев Ғ.А, Сейітқазиев С.Ш

3 Алпысбай М.А., Гаппаров А.З.

Дипломдық жұмысты дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, Зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Кіріспе бөлім	25.02.2025	Ескерту жоқ
Негізгі бөлім	10.03.2025	Ескерту жоқ
Тандалып алынған аймаққа зерттеу жұмыстары	17.04.2025	Ескерту жоқ
Жерсеріктік ғарыштық суреттері арқылы индекстерді есептеу	02.05.2025	Ескерту жоқ

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын
көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
.Кіріспе бөлім	Киргизбаева Д.М. Phd докторы, қауым. профессор	10.06.2025	
Негізгі бөлім	Киргизбаева Д.М. Phd докторы, қауым. профессор	10.06.2025	
Тандалып алынған аймаққа зерттеу жұмыстары	Киргизбаева Д.М. Phd докторы, қауым. профессор	10.06.2025	
Жерсеріктік ғарыштық суреттері арқылы индекстерді есептеу	Киргизбаева Д.М. Phd докторы, қауым. профессор	10.06.2025	
Норма бақылаушы	Ормамбекова.А.Е. Phd докторы, аға оқытушы	10.06.2025	

Ғылыми жетекші

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Күні

Киргизбаева Д.М.

Бердібек.Ә.Е

« 03 » 02 2025ж.

АНДАТПА

Бұл жұмыста Жетісу облысы Панфилов ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлеріне мониторинг жүргізу және олардың жай-күйін зерттеу мәселесі қарастырылады. Зерттеу барысында заманауи геоақпараттық технологиялар, жерді қашықтықтан зондау әдістері қолданылады.

Бірінші бөлімде ауылшаруашылығы жерлерінің ұғымы және жіктелуі жайлы мәлімет беріледі. Сонымен қатар ауылшаруашылығы жерлерін ҚР-да тиімді пайдалануы және ауылшаруашылық жерлеріне мониторинг жүргізудің міндеті мен маңызы жазылады.

Екінші бөлімде Жетісу облысы Панфилов ауданы жайлы табиғи климаттық жағдайы, орналасуы жайлы ақпарат беріледі.

Үшінші бөлімде орындалған практикалық жұмысқа сипаттама беріледі.

АННОТАЦИЯ

В данной работе рассматривается проведение мониторинга и изучение состояния сельскохозяйственных земель Панфиловского района Жетысуской области. В исследовании использовались современные геоинформационные технологии, методы дистанционного зондирования земли.

В первом разделе дается информация о понятии и классификации сельскохозяйственных земель. Кроме того, излагается задача и значение эффективного использования сельскохозяйственных земель в РК и проведения мониторинга сельскохозяйственных земель.

Во втором разделе представлена информация о природно-климатических условиях, расположении Панфиловского района Жетысуской области.

В третьей части дается характеристика выполненной практической работы.

ANNOTATION

This study focuses on monitoring and assessing the condition of agricultural lands in the Panfilov District of Zhetysu Region. The research incorporates modern geoinformation technologies, remote sensing methods.

The first section provides information about the concept and classification of agricultural land. In addition, the task and importance of monitoring the effective use of agricultural land and agricultural land in the Republic of Kazakhstan will be recorded.

The second section provides information about the comfortable natural climatic conditions and location of Panfilovsky District of Zhetysu region.

The third part gives a description of the practical work performed.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге жалпы түсінік	8
1.1 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің ұғымы және жіктелуі	8
1.2 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану	9
1.3 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге мониторинг жүргізудің міндеті мен маңызы	10
2 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану үшін зерттелген аймақ	13
2.1 Жетісу облысындағы ауылшаруашылық жерлер	13
2.2 Панфилов ауданының орналасуы, табиғи-климаттық сипаттамасы	14
2.3 Панфилов ауданындағы ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің қазіргі жай-күйі мен пайдаланылуы	15
3 Таңдалып алынған аймаққа зерттеу жұмыстарын жүргізу	18
3.1 Жерсеріктік ғарыштық суреттер бойынша мониторинг жүргізу жайлы түсінік	18
3.2 Жерсеріктік ғарыштық суреттері арқылы индекстерді есептеу	19
3.3 Панфилов ауданындағы ауылшаруашылығы жерлерінің жай-күйін жақсарту бойынша ұсыныстар мен шаралар	28
Қорытынды	30
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	31
А қосымшасы	32
Б қосымшасы	33
В қосымшасы	34
Г қосымшасы	35
Д қосымшасы	36

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының экономикасында аграрлық саланың орны ерекше. Ауылдық аймақтарды дамытуда ауылшаруашылығы жерлері басты ресурс ретінде саналады. Ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің сапалық және сандық сипаттамаларын уақытылы бағалап отыру – табиғи және антропогендік факторлар әсерінен туындайтын жағымсыз өзгерістердің алдын алу үшін қажет.

Ауылшаруашылық жерлер тек экономикалық емес, сонымен қатар экологиялық және әлеуметтік маңызға ие ресурс. Оларды дұрыс игермеу топырақ құнарлылығының төмендеуіне, эрозиялық үдерістердің белсенділігіне, сондай-ақ экожүйенің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Жетісу облысының Панфилов ауданы – ауылшаруашылығы кеңінен дамыған өңірлердің бірі. Бұл ауданда егістік, шабындық, жайылымдық жерлер кең көлемде қолданылады. Алайда соңғы жылдары су тапшылығы, топырақ эрозиясы және жер ресурстарын ұтымсыз пайдалану сияқты мәселелер ауылшаруашылық жерлердің жай – күйіне кері әсер етуде. Мұндай жағдайда жер ресурстарын басқару тиімділігін арттыру үшін мониторинг жүйесін жетілдіруді қажет етеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі – Панфилов ауданы ауылшаруашылық жерлерінің жағдайын кешенді зерттеу арқылы, жер мониторингінің қазіргі жағдайын анықтап, жерлерді тиімді пайдаланудың жаңа әдіс-тәсілдерін ұсыну.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Панфилов ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерінің жай күйін зерттеп, олардың мониторингін жүргізу экологиялық жағдайды бағалау және ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу жұмысының міндеті – Панфилов ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерін NDVI және басқада индекстерді есептеу арқылы зерттеу жұмыстарын жасау.

1 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге жалпы түсінік

1.1 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің ұғымы және жіктелуі

Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін тікелей пайдаланылатын жер ресурстарының негізгі түрі болып табылады. Бұл жерлердің құрамына егістік, тыңайған жерлер, шабындықтар, жайылымдар және көпжылдық екпелер жатады. Олар елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл халқын тұрақты жұмыспен қамту, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына негіз болатын маңызды табиғи ресурс.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына сәйкес, ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге – ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге, мал жайылымы мен азық дайындауға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісін тікелей жүргізуге арналған жерлер жатады. Бұл жерлер – экономикалық айналымдағы ең құнды әрі тиімді пайдалануды қажет ететін ресурстардың бірі [1].

Егістік жерлер – ауыл шаруашылығы дақылдарын (астық, көкөніс, техникалық дақылдар және т.б.) өсіру үшін жыртылып, өңделетін жер телімдері.

Жайылым жерлер – мал шаруашылығында малды табиғи жолмен азықтандыру үшін пайдаланылатын жерлер.

Шабындық жерлер – мал азығын (шөп, пішен) жинау мақсатында пайдаланылатын жерлер. Олар әдетте өзен-көл маңайында орналасқан және жыл сайын шөп шабуға жарамды болуы тиіс.

Тыңайған жерлер – біраз уақыт ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылып, табиғи жолмен қалпына келу үшін тыныстап жатқан жерлер. Көпжылдық екпелер – жүзім, жеміс ағаштары, жаңғақ, шай және басқа да көпжылдық дақылдар егілген жерлер (кесте 1.1).

Кесте 1.1 – Қазақстандағы ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің түрлері бойынша көлемі (2020 – 2024 жыл) өлшем бірлігі- млн га

Жыл	Егістік млн/га	Жайылым млн/га	Шабындық млн/га	Тыңайған жерлер млн/га	Көпжылдық екпелер млн/га	Жалпы көлем
2020	21,7	69,2	5,0	1,3	0,18	97,38
2021	21,9	68,7	4,9	1,4	0,19	97,09
2022	22,0	68,5	4,8	1,5	0,20	97,00
2023	22,0	68,5	4,8	1,5	0,20	97,00
2024	22,2	68,0	4,7	1,6	0,21	96,91

1.2 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану

Ауылшаруашылық жерлері елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл жерлер – ауыл шаруашылығы өндірісінің басты құралы ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің экономикалық әлеуетінің бір бөлігін құрайтын құнды ресурс. Осы себепті ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану мәселесі бүгінгі таңда ерекше назарды талап етеді.

Тиімді пайдалану ұғымы – жердің табиғи қасиеттерін бұзбай, оның құнарлылығын сақтап қалу және арттыру арқылы тұрақты ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге қол жеткізу процесін білдіреді. Бұл тек егін егу немесе мал жайылымына жер бөлу ғана емес, жердің сапасын, оның құрылымын, су режимін және биологиялық теңгерімін сақтау, сондай-ақ оны болашақ ұрпаққа жарамды күйде жеткізу деген сөз.

Қазіргі кезде жер ресурстарын басқаруда бірқатар мәселелер кездеседі. Олар – топырақ эрозиясы, тұздану, шөлейттену, жердің уақытша немесе толық айналымнан шығып қалуы сияқты экологиялық және өндірістік мәселелер бар. Бұл қиындықтар көбінесе жерге ұқыпсыз қарау, ғылыми негізделмеген агротехникалық тәсілдерді қолдану немесе жер пайдалану мәдениетінің төмендігінен туындайды.

Мұндай жағдайларда жерді тиімді пайдаланудың басты тетіктерінің бірі ретінде агроэкологиялық тәсілдер мен жаңа технологияларды қолдануды атауға болады. Мәселен, ауыспалы егіс жүйесі – топырақтың құрылымын жақсартуға, зиянкестердің азаюына және құнарлылықтың сақталуына ықпал етеді. Бұдан бөлек, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды ғылыми негізде қолдану, жер жырту мен өңдеудің заманауи әдістері, суармалы егіншілікте су ресурстарын үнемдеу технологиялары да тиімділікті арттырады [2].

Сондай-ақ, жердің сапалық және сандық көрсеткіштерін анықтау үшін заманауи мониторинг жүйелерін енгізу қажет. Геоақпараттық технологиялар, қашықтан зондтау әдістері мен топырақ сараптамалары арқылы нақты деректер жинау – жер пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жер ресурстарын тиімді басқару тек аграрлық салаға қатысты мәселе емес. Бұл – мемлекет деңгейінде қарастырылатын стратегиялық бағыт. Сондықтан ауылшаруашылық жерлерді тиімді пайдалануға бағытталған саясатты жүргізу, заңнаманы жетілдіру, жер иелерінің жауапкершілігін арттыру және пайдаланылмай жатқан жерлерді экономикалық айналымға енгізу бүгінгі күннің өзекті міндеттері болып табылады [3].

1.3 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге мониторинг жүргізудің міндеті мен маңызы

Ауылшаруашылық жерлердің жағдайын тұрақты бақылап отыру – олардың тиімді және ұтымды пайдаланылуының кепілі. Бұл процесті қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі – жерге мониторинг жүргізу. Жер мониторингі – жер қорының сапалық және сандық өзгерістерін жүйелі түрде анықтап, бағалап, тіркеп отыруға бағытталған ғылыми-тәжірибелік іс-шаралар кешені.

Мониторингтің басты мақсаты – ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің жай-күйін бақылау арқылы олардың құнарлылығын сақтау, табиғи және антропогендік факторлар әсерінен туындайтын теріс өзгерістердің алдын алу. Бұл жүйе арқылы топырақтың тозуы, эрозия, тұздану, ластану немесе шөлейттену сияқты үдерістер уақытылы анықталып, тиісті шешімдер қабылданады.

Жерге мониторинг жүргізу міндеттері бірнеше бағытты қамтиды:

- ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің нақты көлемін, орналасуын және жер пайдалану түрлерін анықтау;
- топырақ құрамының өзгерісін, агрохимиялық және экологиялық көрсеткіштерін бағалау;
- жер сапасына әсер ететін антропогендік жүктемелерді (шамадан тыс жырту, тыңайтқыштар мен пестицидтерді артық қолдану, суармалы жүйелердің тозуы) зерттеу;
- пайдаланылмай жатқан немесе тиімсіз қолданылып жатқан жерлерді анықтап, оларды ауылшаруашылық айналымына қайтаруға негіз жасау.

Қазақстанда жер мониторингі жүйесі 2002 жылдан бастап кезең-кезеңімен қалыптасты. Бүгінде бұл қызмет түрі автоматтандырылған жүйелер мен геоақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ), спутниктік суреттер, аэрофототүсірілімдер, қашықтықтан зондтау әдістері – заманауи мониторингтің негізі болып отыр. Бұл құралдар жердің жағдайын дәл және жедел бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қашықтықтан зондтау (ҚЗ) әдістері ерекше маңызға ие. Мұндай технологиялар Жердің жасанды серіктері арқылы алынған мәліметтерге сүйеніп, ауыл шаруашылығына арналған жерлердің күйін бақылауға мүмкіндік береді. Google Earth Engine, Sentinel Hub, Landsat Sentinel секілді платформалар топырақтың ылғалдылығы, өсімдіктердің NDVI көрсеткіші және басқа да биофизикалық параметрлер бойынша талдау жүргізуге қолайлы. Бұл өз кезегінде жердің пайдалану тиімділігін арттыруда маңызды құралға айналады.

Ауылшаруашылық саласына бағытталған арнайы агроаналитикалық платформалар да бүгінгі таңда үлкен сұранысқа ие. Мысалы, OneSoil, EOS Crop Monitoring және Agremo жүйелері нақты егістік алқаптарының жай-күйін

бақылап, тыңайтқыш мөлшерін жоспарлауға, өнімділік болжамын жасауға мүмкіндік береді. Осындай жүйелер нақты уақыт режимінде жұмыс істей отырып, фермерлер мен агрономдарға жедел шешім қабылдауға жәрдемдеседі.

Қазақстанда да жер мониторингі бойынша отандық жүйелер енгізіліп жатыр. Атап айтқанда, Ұлттық жер кадастрының автоматтандырылған жүйесі мен SmartLand.kz платформасы пайдаланушыларға жер телімдерінің шекарасын анықтауға, құқықтық мәртебесін бақылауға және агротехникалық жұмыстарды жоспарлауға мүмкіндік береді [4].

Бұдан бөлек, дрондар мен аэрофото түсірілім әдістері де кеңінен қолданылуда. Арнайы бағдарламалар (Pix4D, DJI Terra, DroneDeploy) арқылы түсірілген бейнематериалдар өңделіп, жер бедері мен өсімдіктер жамылғысының 3D үлгілері жасалады. Бұл әдіс, әсіресе, шөлейттену, эрозия немесе басқа да экологиялық өзгерістерге ұшыраған аумақтарды бақылауда өте тиімді. (1.3-сурет).




1.3- сурет – Ауылшаруашылық алқаптарын дрон құралы көмегімен аэрофототүсірілім жасау

Жер мониторингі бойынша ақпарат алу үшін келесі материалдар пайдаланылады:

- қашықтықтан зондтау (ғарыш аппараттарынан, биіктіктегі ұшақтардан, шағын ұшақтарды пайдалану арқылы түсіру және бақылау және т.б.);
- жер бетіндегі зерттеулер (топырақ, геоботаникалық және т.б.) және аумақтық-аймақтық желі нүктелеріндегі бақылаулар;
- қор деректері (карталар, картограммалар, диаграммалар, кестелік және басқа материалдар).

Республикалық және облыстық деңгейде жерлердің жай-күйінің сипаттамаларын алу үшін ғарыштық тасымалдаушылардан түсірулер мен бақылаулар жүргізіледі (1.4- сурет).

Жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыруды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асырады [5].




1.4- сурет –Мониторинг негізгі бағыттары

Бөлім бойынша қорытынды: Бұл бөлімде ауылшаруашылық мақсатындағы жерлеріне түсінік және де сол жерлерге мониторинг жүргізу мәні жазылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы бойынша ауылшаруашылық жерлерінің жіктелуі кесте ретінде көрсетілді.

2 Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану үшін зерттелген аймақ


2.1 Жетісу облысындағы ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер

1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысы 1-қосымшаға сәйкес Алматы облысының шекарасы оның аумағынан Жетісу облысының жалпы ауданы 11848,3 мың гектар жерін шығару жолымен өзгертілген болатын. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 735 қаулысына сәйкес Жетісу облысы, Алматы облысынан бөлініп шығып жаңа облыс құралды (2.1-сурет).



2.1- сурет – Алматы облысынан Жетісу облысының бөлінген картасы

Жетісу облысы – 2022 жылдың 8 маусым айында құрылған Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы облысы. Әкімшілік орталығы -Талдықорған қаласы. Жер аумағы – 118 648 км². 2024 жылғы 1 қарашадағы дерек бойынша облыс тұрғындарының саны 695,6 мың адамды құрайды. Облыста 8 аудан бар. Олар:Алакөл, Сарқан, Көксу, Ақсу, Панфилов, Ескелді, Кербұлақ аудандары және Текелі, Талдықорған қалалары кіреді.(2.2-сурет).



2.2- сурет – Жетісу облысының аудандары картасы

Жетісу облысының ауылшаруашылығында өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы жақсы дамыған. Жетісу облысы бойынша егістік алқаптардың жалпы құрылымында дәнді және майлы дақылдар жетекші орын алады. Облыстың агроэкологиялық жағдайы ауылшаруашылық дақылдарының әртүрлі түрлерін өсіруге мүмкіндік береді [6].


2.2 Панфилов ауданының орналасуы, табиғи-климаттық сипаттамасы

Панфилов ауданы - Жетісу облысының шығысында, Қытай Халық Республикасымен шекаралас орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік. Аудан орталығы – Жаркент қаласы. 1928 жылы Джаркент ауданы болып құрылып 1942 жылы Панфилов ауданына өзгертілген. Аумағы- 10,6 мың км². Тұрғындар саны- 134 500 мың адамды құрайды. Жетісу облысының- 19,2%-ын құрайды. Панфилов ауданы 13 ауылдық округтерден, 1 қалалық әкімшілік бөліктен және 42 ауылдық аймақтардан тұрады (2.3-сурет).

Панфилов ауданы – этникалық тұрғыдан әртүрлі, негізінен қазақтар мен ұйғырлар тұратын, ауыл шаруашылығы мен шекара маңы саудасына бейімделген аймақ. Ауданның климаты- континенталды, құрғақ. Жылдық жауын-шашын мөлшері 200-250 мм құрайды. Жазы ыстық және ұзақ, қысы салыстырмалы түрде жұмсақ әрі қысқа. Топырақ жамылғысының құрылымы

алуан түрлі болып келеді. Негізгі бөліктерінде – қара қоңыр топырақтар, таулы аймақтарда сұр топырақтар және жазық бөліктерде сортаң, құмды топырақтар таралған [7].

Панфилов ауданының су ресурстары – Жетісу алатауының оңтүстік бөліктеріндегі мұздықтардан басталады. Негізгі өзендері – Іле өзені, Қорғас өзені, Бурақожыр және Тышқан болып табылады.



2.3- сурет – Панфилов ауданы орналасу картасы

Өсімдіктер дүниесі – әр топырақ жамылғысында әртүрлі болып келеді. Шөптесін өсімдіктер – теріскен, ебелік, күйреуік болса, сұр топырақтарда сексеуіл, ши, жусан, қамысты өсімдіктері кездеседі.

Жануарлар дүниесі - сүтқоректілер: қасқыр, қоян, түлкі, арқар. Жорғалаушылар мен қосмекенділер: сарыбауыр, кесіртке. Іле және Қорғас өзенінде қара балық, табандар, шортан, сазан секілді балықтар кездеседі. Сонымен қатар қызыл кітапқа енген, қорғауға алынған жануарларда тіршілік етеді. Олар: арқар, қар барысы және дуадақ, лашын болып келеді.

2.3. Панфилов ауданындағы ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің қазіргі жай-күйі мен пайдаланылуы

Панфилов ауданының санаттар бойынша жерлер бөлінісі:

Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер- 639730 га

Елді мекен жерлері – 71000 га

Өнеркәсіп көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзгеде жерлер-38021 га

Су қорының жерлері- 342 га


Қордағы жерлер- 389107 га

Панфилов ауданы - Жетісу облысындағы ауыл шаруашылығына мамандандырылған ірі аймақтардың бірі. Аудан территориясы ауылшаруашылығы мақсатындағы кең көлемді жер ресурстарымен қамтамасыз етілген, бұл аймақтың экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Жер ресурстарының басым бөлігі егіншілік пен мал шаруашылығына бағытталған. Жер қорын құрылымдық тұрғыдан талдағанда, негізгі бөлігі жайылым алқаптарына тиесілі. Олардың аумағы шамамен 550 мың гектарды немесе аудан бойынша ауылшаруашылық жерлердің 81%-ын құрайды. Егістік жерлердің көлемі – 110 мың гектар, бұл жалпы жер қорының шамамен 16%. Қалған бөлігі шабындықтар мен тыңайған жерлерге тиесілі. (2.4-сурет)

Егістік жерлер негізінен дәнді дақылдар, мал азығы дақылдары (жоңышқа, жүгері), сондай-ақ көкөніс және бақша өнімдерін өсіруге бағытталған. Бұл жерлер, әсіресе Қорғас өзенінің бойындағы және суармалы аймақтарда тиімді қолданылады.

Жайылымдық жерлер ауданның шөлейтті және тау бөктерлерінде орналасқан. Алайда мал басының артуы мен шөп жамылғысының қалпына келуіне жеткіліксіз уақыт берілуі салдарынан бұл алқаптардың бірқатары деградация белгілерін көрсетіп отыр.

Жерлерді пайдалану формасына келсек, аудан көлеміндегі ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің басым көпшілігі шаруа қожалықтарына, серіктестіктерге және жеке тұлғаларға берілген. Сонымен қатар, резервтегі мемлекеттік жайылымдық жерлер де бар. Жалпы алғанда, ауылшаруашылық жерлерді тиімді басқару, ұтымды пайдалану және олардың жай-күйін тұрақты бақылау – қазіргі уақытта өңір үшін басты міндеттердің бірі болып отыр. Бұл бағытта жерді цифрлық картаға түсіру, геоақпараттық жүйелер мен ғарыштық мониторинг әдістерін қолдану өзектілігін арттыруда [8].



2.4- сурет – Панфилов ауданы ауылшаруашылық жерлері пайдалану көлемі

Жетісу облысында орналасқан Панфилов ауданы басқа да ауылшаруашылығы аймақтары сияқты ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануға байланысты бірқатар мәселелерге тап болып отыр.

Негізгі мәселелерге мыналар жатады:

1. Жайылым жерлердің жетіспеушілігі - мал санының көбеюіне байланысты жайылым тапшылығы байқалады. 2024 жылғы мәліметке сәйкес, ауданға қосымша 133 мың гектар жайылым қажет. Соңғы жылдары конкурс арқылы жайылым жерін бөлу қарқыны төмен, 2023 жылы – конкурс мүлде өткізілмеген. 2024 жылы – бар болғаны 79,2 га жер конкурс арқылы берілген. Жайылымдарды басқару жоспары (2025–2029 жж.) бекітілгенімен, нақты іске асыру механизмі толық іске қосылмаған.

2. Су тапшылығы мен инфрақұрылымның ескіруі - ауданның егістік алқаптарының басым бөлігі суармалы жерлерге жатады. Суармалы каналдар мен гидротехникалық құрылыстар тозған. Суару жүйелерінің тиімсіздігі ауылшаруашылық өнімділігінің төмендеуіне әкелуде. Аудан бойынша 56,7 мың га суармалы жер бар, бірақ барлығы толық пайдаланылмайды.

3. Пайдаланылмайтын жерлер - ауылшаруашылық мақсатында берілген, бірақ пайдаланылмай жатқан жерлердің үлесі әлі де жоғары. 2021 жылы аудан мәслихаты пайдаланылмайтын жерлерге жер салығын 10 есеге арттыру туралы шешім қабылдаған. Бірақ 2024 жылы бұл шешім күшін жойған. Жер пайдаланушыларға нақты бақылау жеткіліксіз, тиімділікті арттыру үшін жер мониторингі мен электронды карта жүйесін жетілдіру қажет.

4. Егістік жерлерді дұрыс игермеу. Негізгі дақылдар: жүгері, арпа, бидай, көкөністер. 2023 жылы жүгері – 26,6 мың гектарға егілді. Көп жағдайда өнімнің өңделу деңгейі төмен, бұл қосымша пайда алуға мүмкіндік бермейді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін кәсіпорындар мен қоймалар жетіспейді [9].

Бөлім бойынша қорытынды: Бұл бөлімде Жетісу облысы Панфилов ауданы бойынша табиғи-климаттық сипаттама берілді. Ауданның қазіргі таңдағы жай-күйі мен пайдаланылуы жайлы ақпарат берілді.

3 Тандалып алынған аймаққа зерттеу жұмыстарын жүргізу

3.1 Жерсеріктік ғарыштық суреттер бойынша мониторинг жүргізу жайлы түсінік

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жай-күйін анықтауда жерсеріктік (ғарыштық) суреттерді қолдану – қазіргі заманғы тиімді әрі дәл тәсілдердің бірі болып табылады.

Жерсеріктерден алынған көпспектрлі және гиперспектрлі бейнелер негізінде:

- өсімдік жамылғысының күйі (NDVI индекстері)

- топырақ ылғалдылығы

- эрозиялық процестердің белгілері

- тұзданған және деградацияға ұшыраған алқаптар анықталады.

Жерсеріктік бейнелер көмегімен ауылшаруашылық алқаптарындағы түрлі агроэкологиялық процестерді - соның ішінде өсімдіктердің вегетация-лық белсенділігі, топырақ жамылғысының деградациясы, эрозиялық өзгерістер мен тұздану белгілерін анықтауға болады. Бұл мақсатта Landsat, Sentinel-2, MODIS сияқты спутниктердің көпспектрлі деректері жиі қолданылады [10].

Аталған суреттерден алынған NDVI (Normalized Difference Vegetation Index) индексі өсімдік жамылғысының қарқындылығын сандық түрде бағалауға мүмкіндік берсе, басқа спектрлік көрсеткіштер топырақтың ылғалдылығы мен беткі өзгерістер туралы ақпарат береді.

Мұндай деректерді геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) арқылы өңдеу нәтижесінде, уақыт бойынша өзгерістер динамикасын бақылауға және проблемалық аумақтарды картаға түсіруге жағдай жасалады. Бұл өз кезегінде жер ресурстарын ұтымды басқару және деградацияға ұшыраған аймақтарда оңтайлы шаралар қабылдау үшін маңызды ғылыми-тәжірибелік негіз бола алады.

Панфилов ауданының ауылшаруашылық жерлерін жерсеріктік суреттері арқылы NDVI, SAVI, SI индекстері есептелінеді.

NDVI (Normalized Difference Vegetation Index) – нормаланған вегетациялық индекс. Өсімдіктердің фотосинтез белсенділігі мен жасыл масса тығыздығын бағалайды. Өсімдік жамылғысының күйін бағалауға арналған ең кең таралған вегетациялық индекс. Ол өсімдіктердің белсенді фотосинтез процесі жүріп жатқанын анықтайды және жер бетіндегі жасыл biomass-тың тығыздығын көрсетеді.

SI (Salinity Index) – топырақтың тұздану дәрежесін бағалауға арналған спектралдық индекс. Бұл көрсеткіш жердің тұздануға бейім аумақтарын спутниктік деректер арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

SAVI (Soil Adjusted Vegetation Index) – өсімдіктер жамылғысының жағдайын бағалауға арналған спектралды индекс, ол топырақтың әсерін төмендету үшін арнайы түзетілетін коэффициент (L) енгізілген. SAVI индексі әсіресе өсімдіктер тығыздығы төмен немесе топырақ көрініп тұратын


аймақтарда (шөлейт, жартылай шөлейт) NDVI-ге қарағанда дәлірек нәтиже береді.

3.2 Жерсеріктік ғарыштық суреттерді пайдаланып, жердің сапасын анықтау үшін мониторинг жүргізу

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге мониторинг жүргізу үшін Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Үлкеншыған ауылдық округіндегі жайылымдық жерлер таңдалды. Ең алдымен Copernicus.eu сайтынан қажетті аумақ таңдалып шекарасы белгіленді.

Copernicus.eu - бұл Еуропалық Одақтың Жерді ғарыштан бақылауға арналған бағдарламасы. Ол ауыл шаруашылығы, ауа райы, климат және табиғи апаттар сияқты салаларға қажетті деректерді тегін ұсынады. Sentinel жерсеріктері арқылы алынған суреттер өсімдіктердің өсу жағдайын, ылғалдылықты, эрозияны анықтауға көмектеседі. Бұл мәліметтер фермерлерге егістік пен жайылым жерлерін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Copernicus бағдарламасы арқылы Sentinel-2 жерсерігінен егістік пен жайылым жерлерінің түсін, жағдайын көрсететін оптикалық суреттер алуға болады. Sentinel-1 радарлы суреттері арқылы бұлтты ауа райында да жер бетінің күйін бақылауға болады. Sentinel-3 жер бетінің температурасы мен өсімдіктердің ылғалын бағалауға көмектесетін мәлімет береді. Бұл суреттер ауыл шаруашылығы үшін NDVI, SAVI, SI сияқты индекстерді есептеп, мониторинг жүргізуге қолданылады [11].


Зерттеу жұмыстарын орындау үшін уақыт таңдалынады. Бұл жағдайда 3 жыл алынды. Олар: 2018, 2021, 2024 жылдар болып таңдалды. Зерттеу жұмыстары үшін Sentinel-2 жерсерігі суреттері таңдалды (3.2-сурет).



3.2-сурет – Copernicus.eu сайтында аэрофотосурет тандау

